

## **Орал қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 247 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Орал қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы А.К.Қайсағалиевке жүктелсін.

*Қала әкімі*

*А.Көлгінов*

Орал қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 247 қаулысына қосымша

## **Күші жойылды деп танылған Орал қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Орал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 мамырдағы №1037 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3547, 30.05.2014 жылы тіркелген, "Жайық үні" газеті №22, 05.06.2014 жылы жарияланған) қаулысы;

2. "Орал қаласы бойынша ішкі су көлігіндегі әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды айқындау туралы" Орал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы №2794 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3686, 12.11.2014 жылы тіркелген, "Жайық үні" газеті №46, 20.11.2014 жылы жарияланған) қаулысы;

3. "Орал қаласы бойынша 2014 жылы субсидиялауға жататын ішкі су көлігіндегі әлеуметтік мәні бар залалды маршруттардың тізбесін бекіту туралы" Орал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №3210 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3716, 18.12.2014 жылы тіркелген, "Жайық үні" газеті №51, 25.12.2014 жылы жарияланған) қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК